3) лицензиялау басқармасы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) олардың қолданылу мерзімінің өту фактілері анықталған жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан дәледі бас тартады. Құжаттардың толық топтамасы ұсынылған және мерзімі өткен құжаттар болмаған жағдайда, оларды бастапқы тексеру туралы қорытындыға қоса өзінде қалдырады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні;

4) лицензиялау басқармасы көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін қажет талаптарға сәйкестігіне талдауды жүзеге асырады және сәйкес келу немесе сәйкес келмеу туралы қорытындыны өзінде қалдырады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) жұмыс күні;

5) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызмет көрсетудің қорытындысы туралы шешім дайындайды. Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажет талаптарға сәйкес келген жағдайда, лицензиялау басқармасы лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қайта ресімдеу туралы шешім дайындайды, көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажет талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тарту туралы шешім дайындайды. Шешім лицензиялау басқармасының басшысымен келісіледі және көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен бекітіледі. Лицензиялау басқармасы бекітілген шешімді алғаннан кейін лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні;

6) ресімделген лицензияға және (немесе) лицензияға қосымшаға немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. Занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, Стандарттың 4-тармағында көрсетілген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімше бөлігінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезендері:

1) дүйсенбі және жұма аралығында сағат 9-00-ден 18-30 дейін көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түсken мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінің қызметкерімен келіп түсken күнімен тіркеледі және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына беріледі. Өтініш жұмыс істелмейтін уақытта, демалыс және мейрам күндері түсken жағдайда еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді. Талап етілетін құжаттардың толық

болмау фактілері және (немесе) олардың қолданылу мерзімінің аяқталғаны анықталған жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні.

4) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызмет көрсетудің қорытындысы туралы шешім дайындаиды. Шешім лицензиялау басқармасының басшысымен келісіледі және көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен бекітіледі. Лицензиялау басқармасы бекітілген шешімді алғаннан кейін лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 4 (төрт) сағат.

5) ресімделген лицензияға және (немесе) лицензияға қосымшаға немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректарымен.**

8. Көрсетілген қызметті алушының берген өтінішін қайтарып алуға арналған өтініші түскен жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімше бөлігінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезеңдері:

1) көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түскен өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңесесінің қызметкерімен келіп түскен күнімен тіркеледі және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына қарауға беріледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы қайтарып алуға арналған өтінішті қанағаттандыру туралы шешім дайындауды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) жұмыс күні;

4) қайтарып алуға арналған өтінішті қанағаттандыру туралы шешімге көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8-1. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұруға немесе жаңғыртуға арналған өтініші түсken жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімше бөлігінде барлық рәсімдерден (іс-кимылдардан) өту кезеңдері:

1) дүйсенбі және жұма аралығында сағат 9-00-ден 18-30 дейін көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түсken мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі қызметкерімен келіп түсken күnімен тіркеледі және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына беріледі. Өтініш жұмыс істелмейтін уақытта, демалыс және мейрам күндөрі түсken жағдайда еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күnімен тіркеледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұруға немесе жаңғыртуға арналған өтінішті қанағаттандыру туралы шешім дайындаиды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні;

4) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұруға немесе жаңғыртуға арналған өтінішті қанағаттандыру туралы шешімге көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

**Ескеरту. 2-тaraу 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

8-2. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойған кезде лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғыртуға арналған өтініші түскен жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімше бөлігінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезеңдері:

1) дүйсенбі және жұма аралығында сағат 9-00-ден 18-30 дейін көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түскен мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі қызметкерімен келіп түскен күнімен тіркеледі және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына беріледі. Өтініш жұмыс істелмейтін уақытта, демалыс және мейрам күндері түскен жағдайда еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды

жойғанын тексеруді жүзеге асырады және бұзушылықтардың жойылуды немесе жойылмауы туралы қорытындыны дайындайды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 7 (жеті) жұмыс күні;

4) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызмет көрсетудің қорытындысы туралы шешім дайындайды. Бұзушылықтар жойылған жағдайда, лицензиялау басқармасы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғырту туралы шешім дайындайды, бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғыртудан бас тарту туралы шешім дайындайды. Шешім лицензиялау басқармасының басшысымен келісіледі және көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен бекітіледі. Лицензиялау басқармасы бекітілген шешімді алғаннан кейін лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғыртады немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні.

**Ескерту. 2-тaraу 8-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет (занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта үйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру және лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу) көрсетудегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) кіріс нөмірі және күні койылып тіркелген өтініш;
- 2) салынған бұрыштама және өтінішті лицензиялау басқармасына беру;
- 3) ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың қолданылу мерзімін тексеру: құжаттарды одан әрі қараудан дәлелді бас тарту немесе бастапқы тексеру туралы қорытындыны қосып беру;
- 4) талдауды жүргізу және көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру және занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта үйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін

қажет талаптарға сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды дайындау;

5) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешім дайындау;

6) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешімге көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасарының қол қоюы.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет (занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру жағдайларында лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, Стандарттың 4-тармағында көрсетілген жағдайларда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу) көрсетудегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) кіріс нөмірі және күні койылып тіркелген өтініш;

2) салынған бұрыштама және өтінішті лицензиялау басқармасына беру;

3) ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың қолданылу мерзімін тексеру: өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту немесе өтінішті қарау.

4) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешімді дайындау;

5) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешімге көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе оның орынбасарының қол қоюы.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет (қайтарып алуға арналған өтініш) көрсетудегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) кіріс нөмірі және күні койылып тіркелген өтініш;

2) салынған бұрыштама және өтінішті лицензиялау басқармасына беру;

3) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешімді дайындау;

4) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешімге көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе оның орынбасарының қол қоюы.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік**

жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-тарау.** Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдар тәртібінің сипаттамасы

12. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі;
- 2) көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасары;
- 3) лицензиялау басқармасы.

4) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

13. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) бірізділігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкери реттік тіркеу нөмірі мен күнін беріп, келіп түсken құжаттарды тіркеуді 15 (он бес) минут ішінде жүзеге асырады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары бұрыштама қол қояды және өтініш пен құжаттарды лицензиялау басқармасына 1 (бір) сағат ішінде береді;

3) лицензиялау басқармасы ұсынылған құжаттардың толықтырын және қолданылу мерзімін 2 (екі) жұмыс күні ішінде тексереді;

4) лицензиялау басқармасы келіп түсken құжаттарды көрсетілетін қызметті алушының лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру жағдайында және занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында қажет талаптарға сәйкестігіне талдауды 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, Стандарттың 4-тармағында көрсетілген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігі тексерілмейді.

Лицензиялау басқармасы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойғанын тексеруді 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады;

5) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызметті көрсету туралы шешімді:

лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру жағдайында, занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында 2 (екі) жұмыс күні ішінде дайындайды;

қайтарып алуға арналған өтінішті қанағаттандыру жағдайында 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайындайды;

занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, Стандарттың 4-тармағында көрсетілген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында 4 (төрт) сағат ішінде дайындайды;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру немесе жаңғырту жағдайында 2 (екі) жұмыс күні ішінде дайындайды;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойған кезде лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғырту жағдайында 2 (екі) жұмыс күні ішінде дайындайды;

6) көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасары мемлекеттік қызметті көрсету шешіміне 2 (екі) сағат ішінде қол қояды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық белімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, осы регламентке 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процессерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік

жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

**4 - тарау.** "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимылдар тәртібінің, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

14. Осы регламентте мемлекеттік қызмет көрсету процесінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл қарастырылмаған.

15. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету кезінде көрсетілетін қызмет алушы рәсімдерінің (іс-қимылдарының) бірізділігі және жүргіну тәртібінің сипаттамасы:

көрсетілетін қызметті алушы порталда өзінің тіркеу куәлігінің көмегімен көрсетілетін қызметті алушының компьютерінің интернет-браузерінде сақталатын электрондық цифрлық қолтаңбасын (бұдан әрі – ЭЦҚ) тіркеуді жүзеге асырады (порталға тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушылар үшін жүзеге асырылады);

1-ші процесс – мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін порталда авторизациялау;

2-ші процесс – көрсетілетін қызметті алушының осы регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, экранға қызмет көрсетуге арналған сұрау нысанын шығару және көрсетілетін қызметті алушының нысанды, оның құрылымы мен форматтық талаптарды есепке алып толтыруы (деректерді енгізу), сұрану нысанына қажетті құжаттарды электрондық түрде бекіту;

3-ші процесс – электрондық үкіметтің төлем шлюзі арқылы көрсетілетін қызмет ақысын төлеу, сонаң соң бұл ақпарат "Е-лицензиялау" Мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесіне (ЕЛ МДҚ АЖ) келіп түседі:

мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін төлем фактісін ЕЛ МДҚ АЖ-да тексеру;

4-ші процесс – ЕЛ МДҚ АЖ-да қызметті көрсету үшін төлемнің болмауына байланысты сұратылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5-ші процесс – сұрауды күәландыру (қол қою) үшін көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбаның тіркеу күәлігін таңдауы;

6-шы процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы арқылы қызмет көрсетуге сұраудың толтырылған (енгізілген деректер) нысанын күәландыру (қол қою);

7-ші процесс – ЕЛ МДҚ АЖ-да электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті алушының сұрауын) тіркеу және ЕЛ МДҚ АЖ-да сұрауды өндеу;

8-ші процесс – көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру және (немесе) қайта ресімдеу шарттарына сәйкестігін көрсетілетін қызметті берушінің тексеруі;


9-шы процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЕЛ МДҚ АЖ-да қалыптастырылған мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алуы.

Веб-портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылды осы регламентке 2-қосымшада келтірілген.

"Атом энергиясын пайдалану  
саласында қызметтер көрсету  
жөніндегі қызметті жүзеге  
асыруға лицензия беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет регламентіне 1-қосымша

**"Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процессерінің анықтамалығы**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.




— мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе алудың басталуы;



— көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылға) (немесе) ҚФБ атауы;




— таңдау нұсқасы;




— келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

"Атом энергиясын пайдалану  
саласында қызметтер көрсету  
жөніндегі қызметті жүзеге  
асыруға лицензия беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
регламентіне  
2-косымша

### Портал арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың диаграммасы



#### КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІ АЛУШЫ




Тұлға пайдалануыштың үрлемелітін электрондық қызмет  
Хабарламалар аныны  
Бекарма аныны  
Шарт  
Расім

#### ШАРТЫ БЕЛГІ:



Келесі  
Корынтынды хабарлама  
Бастайтын хабарлама  
Оң жетек  
Сейкессіздік



Аудармыс жүйесі  
«Е-лицензиялау» Мемлекеттік  
әсерлекке жүйесі  
Электрондық қызмет  
«Зордиги тұрақ» Мемлекеттік  
«Жеке тұрақ» Мемлекеттік

Казақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
міндеттін атқарушысының  
2015 жылғы 28 мамырдағы

**"Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке лицензия беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

Ескерту. Регламент жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.10.2017 № 365 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. "Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке лицензия беру" мемлекеттік қызметтің Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылдың 22 сәуірінде № 299 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде № 11222 болып тіркелген) "Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны - электрондық.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімделген лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, көрсетілетін қызметті алушының қайтып алуға қанағаттандырылған өтініші, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру немесе жаңғырту туралы шешім немесе Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға Стандарттың 9- тармағына сәйкес құжаттарды қоса тіркеген қызметті алушының электрондық сауалы негіз болып табылады.

5. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру жағдайында мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімше бөлігінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезеңдері:

1) дүйсенбі және жұма аралығында сағат 9-00-ден 18-30 дейін көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түскен мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінің қызметкерімен келіп түскен күнімен тіркеледі және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына қарауға беріледі. Өтініш жұмыс істелмейтін уақытта, демалыс және мейрам күндері түскен жағдайда еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасының басшысына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) олардың қолданылу мерзімінің өту фактілері анықталған жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту туралы жауап беріледі. Құжаттардың толық топтамасы ұсынылған және мерзімі өткен күжаттар болмаған жағдайда, оларды бастапқы тексеру туралы қорытындыға қоса ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасына жібереді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні;

4) ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін қажет талаптарға сәйкестігіне талдауды жүзеге асырады және

сәйкес келу немесе сәйкес келмеу туралы қорытындыны лицензиялау басқармасына береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) жұмыс күні;

5) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызмет көрсетудің қорытындысы туралы шешім дайындаиды. Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін қажет талаптарға сәйкес келген жағдайда, лицензиялау басқармасы лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру туралы шешім дайындаиды, көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін қажет талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы шешім дайындаиды. Шешім лицензиялау мен ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармаларының басшыларымен келісіледі және көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен бекітіледі. Лицензиялау басқармасы бекітілген шешімді алғаннан кейін лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты рәсімдейді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні;

6) ресімделген лицензияға және (немесе) лицензияға қосымшага немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректарымен.

6. Занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта үйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және

оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімше бөлігінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезеңдері:

1) дүйсенбі және жұма аралығында сағат 9-00-ден 18-30 дейін көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түскен мемлекеттік қызметті алуға арналған өтінішті көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінің қызметкері келіп түскен күні тіркейді және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына қарауға беріледі. Өтініш жұмыс істелмейтін уақытта, демалыс және мейрам күндері түскен жағдайда еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күні тіркеледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) олардың қолданылу мерзімінің өту фактілері анықталған жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту туралы жауап береді. Құжаттардың толық топтамасы ұсынылған және мерзімі өткен құжаттар болмаған жағдайда, оларды бастапқы тексеру туралы қорытындыға қоса ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасына жібереді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні;

4) ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін қажет талаптарға сәйкестігіне талдауды жүзеге асырады және сәйкес келу немесе сәйкес келмеу туралы қорытындыны лицензиялау басқармасына береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) жұмыс күні;

5) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызмет көрсетудің қорытындысы туралы шешім дайындауды. Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажет талаптарға сәйкес келген жағдайда, лицензиялау басқармасы

лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қайта ресімдеу туралы шешім дайындауды, көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажет талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тарту туралы шешім дайындауды. Шешім лицензиялау мен ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармаларының басшыларымен келісіледі және көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен бекітіледі. Лицензиялау басқармасы бекітілген шешімді алғаннан кейін лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні;

6) ресімделген лицензияға және (немесе) лицензияға қосымшага немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректермен.

7. Занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, Стандарттың 4-тармағында көрсетілген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімшесінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезеңдері:

1) дүйсенбі және жұма аралығында сағат 9-00-ден 18-30 дейін көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түсken мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінің

қызметкерімен келіп тұсken күnіmen тіркеледі және көрсетіletіn қызмет берушіnің басшысына немесе оның орынбасарына беріледі. Өтініш жұмыс істелмейтін уақытта, демалыс және мейрам күndері тұsken жағдайда eңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күnіmen тіrкеледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетіletіn қызметті берушіnің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасынебұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді. Талап етіletіn құжаттардың толық болмау фактілері және (немесе) олардың қолданылу мерзімінің аяқталғаны анықталған жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күnі.

4) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызмет көрсетудің қорытындысы туралы шешім дайындаиды. Шешім лицензиялау мен ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармаларының басшыларымен келісіледі және көрсетіletіn қызметті берушіnің басшысымен немесе оның орынбасарымен бекітіледі. Лицензиялау басқармасы бекітілген шешімді алғаннан кейін лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты рәсімдейді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 4 (төрт) сағат.

5) ресімделген лицензияға және (немесе) лицензияға қосымшага немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа көрсетіletіn қызметті берушіnің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күnінен кейін күнтізбелік жиырма бір күn өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгімен.**

8. Көрсетілген қызметті алушының берген өтінішін қайтарып алуға арналған өтініші түскен жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімше бөлігінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезеңдері:

1) көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түскен өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінің қызметкерімен келіп түскен күнімен тіркеледі және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына қарауға беріледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы қайтарып алуға арналған өтінішті қанағаттандыру туралы шешім дайындайды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) жұмыс күні;

4) қайтарып алуға арналған өтінішті қанағаттандыру туралы шешімге көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

**Ескеरту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8-1. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата түруға немесе жаңғыртуға арналған өтініші түскен жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімше бөлігінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезеңдері:

1) дүйсенбі және жұма аралығында сағат 9-00-ден 18-30 дейін көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түскен мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі

қызметкерімен келіп түсken күnіmen тіrkеледі жәne көrsetiletіn қyзmet берушіniң basшысыna nemese onың orыnbасарыna berileдi. Өtіnіsh жұмыs іstelmeйтіn uaқytta, demalys жәne meйram kүndері tүsken jaғdайda eңbek заңnamасыna сәйkес kелесі жұмыs kүnіmen tіrkеледi.

Аталғan рәсімді жүзеге асыруғa арналғan eң жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көrsetiletіn қyзmettі берушіniң basшысы nemese onың orыnbасары лицензиялау basқарmasыna бұрыштамa салады.

Аталғan рәсімді жүзеге асыруғa арналғan eң жоғары шекті уақыт – 1 (біr) сағат;

3) лицензиялаu basқarmasы лицензияның жәne (nemese) лицензияғa қosымшаның kүshіn тоқtata тұruғa nemese жанғyртуғa арналғan өtіnіstі қanaғattandыru туралы шешіmge көrsetiletіn қyзmet берушіniң basшысы nemese onың orыnbасары қol қояды.

Аталғan рәсімді жүзеге асыруғa арналғan eң жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыs kүnі;

4) лицензияның жәne (nemese) лицензияғa қosымшаның kүshіn тоқtata тұruғa nemese жанғyртуғa арналғan өtіnіstі қanaғattandыru туралы шешіmge көrsetiletіn қyзmet берушіniң basшысы nemese onың orыnbасары қol қояды.

Аталғan рәсімді жүзеге асыруғa арналғan eң жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

Ескерту. 2-taraу 8-1-tarmaқpen толықтырылды – KР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашкы ресми жарияланған күnіnen кейіn күntіzbelіk жиырма біr kүn өtken соң қoldанысқa енгіzіledі) бұйрығымен.

8-2. Лицензияның жәne (nemese) лицензияғa қosымшаның kүshіn тоқtata тұru үshіn негіz болғan bұzushылықтарды жойғan кезде лицензияның жәne (nemese) лицензияғa қosымшаның kүshіn жанғyртуғa арналғan өtіnіstі tүsken jaғdайda, мемлекеттіk қyзmettі көrsetu процесіnің kурамына kіretіn әrbіr rәsіmnің mazmұny, onың orыndalu ұzaқтығы жәne оларды orыndaудың bіrіzdіlіgі, onың iшіnde әrbіr қyrylymdық bөlіmше bөlіgіnde барлық rәsіmдерден (iс-кимылдардан) өtu кезендері:

1) дүйсенбі жәne жұma arалығында сағat 9-00-den 18-30 дейіn көrsetiletіn қyзmettі aluшыдан portal arқылы tүsken мемлекетtіk қyзmettі aluғa арналғan өtіnіsh көrsetiletіn қyзmettі берушіniң keңsesi қyзmetkerіmen kеліp tүsken kүnіmen tіrkelедi жәne көrsetiletіn қyзmet берушіniң basшысыna nemese onың orыnbасарыna berileдi. Өtіnіsh жұмыs

істелмейтін уақытта, демалыс және мейрам күндері түскен жағдайда еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойған кезде лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғырту үшін ұсынылған құжаттарды ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасына жібереді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат;

4) ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойғанын тексеруді жүзеге асырады және бұзушылықтардың жойылуы немесе жойылмауы туралы қорытындыны лицензиялау басқармасына береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 7 (жеті) жұмыс күні;

5) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызмет көрсетудің қорытындысы туралы шешім дайындаиды. Бұзушылықтар жойылған жағдайда, лицензиялау басқармасы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғырту туралы шешім дайындаиды, бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғыртудан бас тарту туралы шешім дайындаиды. Шешім лицензиялау және ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармаларының басшыларымен келісіледі және көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен бекітіледі. Лицензиялау басқармасы бекітілген шешімді алғаннан кейін лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғыртады немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні.

**Ескерту. 2-тарау 8-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет (занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру және лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу) көрсетудегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) кіріс нөмірі және күні койылып тіркелген өтініш;
- 2) салынған бұрыштама және өтінішті лицензиялау басқармасына беру;
- 3) ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың қолданылу мерзімін тексеру: құжаттарды одан әрі қараудан дәлелді бас тарту немесе бастапқы тексеру туралы қорытындыны қосып беру;
- 4) талдауды жүргізу және көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру және занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажет талаптарға сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды дайындау;
- 5) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешім дайындау;
- 6) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешімге көрсетіletіn қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасарының қол қоюы.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет (занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру жағдайларында лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, Стандарттың 4-тармағында көрсетілген жағдайларда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу) көрсетудегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) кіріс нөмірі және күні койылып тіркелген өтініш;
- 2) салынған бұрыштама және өтінішті лицензиялау басқармасына беру;
- 3) ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың қолданылу мерзімін тексеру: өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту немесе өтінішті қарау.

4) мемлекеттік қызмет көрсете туралы шешімді дайындау;

5) мемлекеттік қызмет көрсете туралы шешімге көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе оның орынбасарының қол қоюы.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет (қайтарып алуға арналған өтініш) көрсетудегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) кіріс нөмірі және күні койылып тіркелген өтініш;
- 2) салынған бұрыштама және өтінішті лицензиялау басқармасына беру;
- 3) мемлекеттік қызмет көрсете туралы шешімді дайындау;
- 4) мемлекеттік қызмет көрсете туралы шешімге көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе оның орынбасарының қол қоюы.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсете процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдар тәртібінің сипаттамасы**

12. Мемлекеттік қызмет көрсете процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі;
- 2) көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасары;
- 3) лицензиялау басқармасы;
- 4) ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы.

- 4) талдауды жүргізу және көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру және занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажет талаптарға сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды дайындау;
- 5) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешім дайындау;
- 6) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешімге көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасарының қол қоюы.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет (занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру жағдайларында лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, Стандарттың 4-тармағында көрсетілген жағдайларда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу) көрсетудегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) кіріс нөмірі және күні койылып тіркелген өтініш;
- 2) салынған бұрыштама және өтінішті лицензиялау басқармасына беру;
- 3) ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың қолданылу мерзімін тексеру: өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту немесе өтінішті қарау;
- 4) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешімді дайындау;
- 5) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешімге көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе оның орынбасарының қол қоюы.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет (қайтарып алуға арналған өтініш) көрсетудегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) кіріс нөмірі және күні койылып тіркелген өтініш;
- 2) салынған бұрыштама және өтінішті лицензиялау басқармасына беру;
- 3) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешімді дайындау;
- 4) мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешімге көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе оның орынбасарының қол қоюы.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдар тәртібінің сипаттамасы

12. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі;
- 2) көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасары;
- 3) лицензиялау басқармасы;
- 4) ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасы.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) бірізділігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкері реттік тіркеу нөмірі мен күнін беріп, келіп түсken құжаттарды тіркеуді 15 (он бес) минут ішінде жүзеге асырады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары бұрыштама қол қояды және өтініш пен құжаттарды лицензиялау басқармасына 1 (бір) сағат ішінде береді;

3) лицензиялау басқармасы ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін 2 (екі) жұмыс күні ішінде тексереді;

4) ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасы келіп түскен құжаттарды көрсетілетін қызметті алушының лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру жағдайында және занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында қажет талаптарға сәйкестігіне талдауды 25 (жиырма бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, Стандарттың 4-тармағында көрсетілген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігі тексерілмейді.

Ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойғанын тексеруді 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады;

5) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызметті көрсету туралы шешімді:

лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру жағдайында, занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында 2 (екі) жұмыс күні ішінде дайындайды;

қайтарып алуға арналған өтінішті қанағаттандыру жағдайында 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайындайды;

занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, Стандарттың 4-тармағында көрсетілген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында 4 (төрт) сағат ішінде дайындайды;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру немесе жаңғырту жағдайында 2 (екі) жұмыс күні ішінде дайындайды;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойған кезде лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғырту жағдайында 2 (екі) жұмыс күні ішінде дайындаиды;

6) көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасары мемлекеттік қызметті көрсету шешіміне 2 (екі) сағат ішінде қол қояды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық белімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, осы регламентке 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

**Ескеरту. 13-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – КР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректермен.**

**4-тaraу. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимылдар тәртібінің, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы**

14. Осы регламентте мемлекеттік қызмет көрсету процесінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл қарастырылмаған.

15. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету кезінде көрсетілетін қызмет алушы рәсімдерінің (іс-қимылдарының) бірізділігі және жүргіну тәртібінің сипаттамасы:

көрсетілетін қызметті алушы порталда өзінің тіркеу куәлігінің көмегімен көрсетілетін қызметті алушының компьютерінің интернет-браузерінде сақталатын электрондық цифрлық қолтаңбасын (бұдан әрі – ЭЦҚ) тіркеуді жүзеге асырады (порталға тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушылар үшін жүзеге асырылады);

1-ші процесс – мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін порталда авторизациялау;

2-ші процесс – көрсетілетін қызметті алушының осы регламентте көрсетілген қызметті тандауы, экранға қызмет көрсетуге арналған сұрау

нысанын шығару және көрсетілетін қызметті алушының нысанды, оның құрылымы мен форматтық талаптарды есепке алып толтыруы (деректерді енгізу), сұрану нысанына қажетті құжаттарды электрондық түрде бекіту;

3-ші процесс – электрондық үкіметтің төлем шлюзі арқылы көрсетілетін қызмет ақысын төлеу, соナン соң бұл ақпарат "Е-лицензиялау" Мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесіне (ЕЛ МДҚ АЖ) келіп түседі:

мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін төлем фактісін ЕЛ МДҚ АЖ-да тексеру;

4-ші процесс – ЕЛ МДҚ АЖ-да қызметті көрсету үшін төлемнің болмауына байланысты сұратылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтеннен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5-ші процесс – сұрауды куәландыру (қол қою) үшін көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбаның тіркеу куәлігін таңдауы;

6-шы процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы арқылы қызмет көрсетуге сұраудың толтырылған (енгізілген деректер) нысанын куәландыру (қол қою);

7-ші процесс – ЕЛ МДҚ АЖ-да электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті алушының сұрауын) тіркеу және ЕЛ МДҚ АЖ-да сұрауды өндеу;

8-ші процесс – көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру және (немесе) қайта ресімдеу шарттарына сәйкестігін көрсетілетін қызметті берушінің тексеруі;


9-шы процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЕЛ МДҚ АЖ-да қалыптастырылған мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алуы.

Веб-портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылды осы регламентке 2-қосымшада келтірілген.

"Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне мемлекеттік қызмет көрсетудің қызмет регламентіне 1-қосымша

**"Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процессерінің анықтамалығы**


Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.




- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе ая
  - көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимыль (немесе) ҚФБ атауы;
  - тандау нұсқасы;
  - келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

"Ядролық кондырғылар мен ядролық материалдарды изикалық қорғауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне  
2-қосымша

**Портал арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың диаграммасы**



**КӨРСЕТЛІТЕН ҚЫЗМЕТТІ АЛУШЫ**



Түрлі пайдделенүүлиң үзіншіліктін электрондық қызмет  
Хабарламалар атыны  
Басқарма атыны  
Шарт  
Расім

**ШАРТЫ БЕЛГІ:**



Келесі  
Корыттындық хабарлама  
Бастайтын хабарлама  
Оң жетекше  
Сайнессыздық



Акпараттың жүйе  
«Е-демократиялық Мемлекеттік  
хабарламалар жүйесі»  
Электрондық иемдеу  
“Занды тұла” Мемлекеттік  
жүйесі

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
міндеттін атқарушысының  
2015 жылғы 28 мамырдағы  
№ 378 бүйрігіне  
10-қосымша

"Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескеरту. Регламент жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.10.2017 № 365 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылдың 22 сәуірінде № 299 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде № 11222 болып тіркелген) "Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны - электрондық.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімделген лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, көрсетілетін қызметті алушының қайтып алуға қанағаттандырылған өтініші, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру немесе жаңғырту туралы шешім немесе Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік

**жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға Стандарттың 9- тармағына сәйкес құжаттарды қоса тіркеген қызметті алушының электрондық сауалы негіз болып табылады.

5. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру жағдайында мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімшесінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезеңдері:

1) дүйсенбі және жұма аралығында сағат 9-00-ден 18-30 деңін көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түскен мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінің қызметкерімен келіп түскен құнімен тіркеледі және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына қарауға беріледі. Өтініш жұмыс істелмейтін уақытта, демалыс және мейрам күндері түскен жағдайда еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс құнімен тіркеледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) олардың қолданылу мерзімінің өту фактілері анықталған жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту туралы жауап береді. Құжаттардың толық топтамасы ұсынылған және мерзімі өткен құжаттар болмаған жағдайда, оларды бастапқы тексеру туралы қорытындыға қоса өзінде қалдырады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні;

4) лицензиялау басқармасы көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін қажет

талаптарға сәйкестігіне талдауды жүзеге асырады және сәйкес келу немесе сәйкес келмеу туралы қорытындыны өзінде қалдырады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 25 (жиырма бес) жұмыс күні;

5) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызмет көрсетудің қорытындысы туралы шешім дайындаиды. Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін қажет талаптарға сәйкес келген жағдайда, лицензиялау басқармасы лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру туралы шешім дайындаиды, көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін қажет талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы шешім дайындаиды. Шешім лицензиялау басшысымен келісіледі және көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен бекітіледі. Лицензиялау басқармасы бекітілген шешімді алғаннан кейін лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты рәсімдейді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні;

6) ресімделген лицензияға және (немесе) лицензияға қосымшага немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң колданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің кұрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімше бөлігінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезеңдері:

1) дүйсенбі және жұма аралығында сағат 9-00-ден 18-30 дейін көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түсken мемлекеттік қызметті алуға арналған өтінішті көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінің қызметкері келіп түсken күні тіркейді және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына қарауға беріледі. Өтініш жұмыс істелмейтін уақытта, демалыс және мейрам күндері түсken жағдайда еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күні тіркеледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасының басшысына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) олардың қолданылу мерзімінің өту фактілері анықталған жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан дәледі бас тартады. Құжаттардың толық топтамасы ұсынылған және мерзімі өткен құжаттар болмаған жағдайда, оларды бастапқы тексеру туралы қорытындыға қоса өзінде қалдырады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні;

4) лицензиялау басқармасы көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін қажет талаптарға сәйкестігіне талдауды жүзеге асырады және сәйкес келу немесе сәйкес келмеу туралы қорытындыны өзінде қалдырады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 25 (жиырма бес) жұмыс күні;

5) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызмет көрсетудің қорытындысы туралы шешім дайындаиды. Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажет талаптарға сәйкес келген жағдайда, лицензиялау басқармасы лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қайта ресімдеу туралы шешім дайындаиды, көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажет талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны

қайта ресімдеуден бас тарту туралы шешім дайындаиды. Шешім лицензиялау басшысымен келісіледі және көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен бекітіледі. Лицензиялау басқармасы бекітілген шешімді алғаннан кейін лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты рәсімдейді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні;

6) ресімделген лицензияға және (немесе) лицензияға қосымшага немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

7. Занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, Стандарттың 4-тармағында көрсетілген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімше бөлігінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезеңдері:

1) дүйсенбі және жұма аралығында сағат 9-00-ден 18-30 дейін көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түсken мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінің қызметкерімен келіп түсken қунімен тіркеледі және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына беріледі. Өтініш жұмыс істелмейтін уақытта, демалыс және мейрам күндері түсken жағдайда енбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс қунімен тіркеледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді. Талап етілетін құжаттардың толық болмау фактілері және (немесе) олардың қолданылу мерзімінің аяқталғаны анықталған жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні.

4) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызмет көрсетудің қорытындысы туралы шешім дайындайды. Шешім лицензиялау басшысымен келісіледі және көрсетіletіn қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен бекітіледі. Лицензиялау басқармасы бекітілген шешімді алғаннан кейін лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты рәсімдейді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 4 (төрт) сағат.

5) ресімделген лицензияға және (немесе) лицензияға қосымшага немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа көрсетіletіn қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Көрсетілген қызметті алушының берген өтінішін қайтарып алуға арналған өтініші түскен жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімше бөлігінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезеңдері:

1) көрсетіletіn қызметті алушыдан портал арқылы түскен өтініш көрсетіletіn қызметті берушінің кеңесесінің қызметкерімен келіп түскен күнімен тіркеледі және көрсетіletіn қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына қарауға беріледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы қайтарып алуға арналған өтінішті қанағаттандыру туралы шешім дайындауды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) жұмыс күні;

4) қайтарып алуға арналған өтінішті қанағаттандыру туралы шешімге көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8-1. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұруға немесе жаңғыртуға арналған өтініші түскен жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімшесі білігінде барлық рәсімдерден (іс-кимылдардан) өту кезеңдері:

1) дүйсенбі және жұма аралығында сағат 9-00-ден 18-30 дейін көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түскен мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі қызметкерімен келіп түскен күнімен тіркеледі және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына беріледі. Өтініш жұмыс істелмейтін уақытта, демалыс және мейрам күндері түскен жағдайда еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұруға немесе жаңғыртуға арналған өтінішті қанағаттандыру туралы шешім дайындаиды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні;

4) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұруға немесе жаңғыртуға арналған өтінішті қанағаттандыру туралы шешімге көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) сағат.

**Ескерту. 2-тaraу 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8-2. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойған кезде лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғыртуға арналған өтініші түскен жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, оның орындалу ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімше бөлігінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезендері:

1) дүйсенбі және жұма аралығында сағат 9-00-ден 18-30 дейін көрсетілетін қызметті алушыдан портал арқылы түскен мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі қызметкерімен келіп түскен күнімен тіркеледі және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына беріледі. Өтініш жұмыс істелмейтін уақытта, демалыс және мейрам күндері түскен жағдайда еңбек заннамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары лицензиялау басқармасына бұрыштама салады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) сағат;

3) лицензиялау басқармасы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойғанын тексеруді жүзеге асырады және бұзушылықтардың жойылуы немесе жойылмауы туралы қорытындыны дайындайды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 7 (жеті) жұмыс күні;

4) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызмет көрсетудің қорытындысы туралы шешім дайындайды. Бұзушылықтар жойылған жағдайда, лицензиялау басқармасы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғырту туралы шешім дайындайды, бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғыртудан бас тарту туралы шешім дайындайды. Шешім лицензиялау басқармасының басшысымен келісіледі және көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен бекітіледі. Лицензиялау басқармасы бекітілген шешімді алғаннан кейін лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғыртады немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 2 (екі) жұмыс күні.

**Ескерту. 2-тaraу 8-2-тармақпен толықтырылды – КР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет (занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта үйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру және лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу) көрсетудегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) кіріс нөмірі және күні койылып тіркелген өтініш;
- 2) салынған бұрыштама және өтінішті лицензиялау басқармасына беру;
- 3) ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың қолданылу мерзімін тексеру: құжаттарды одан әрі қараудан дәлелді бас тарту немесе бастапқы тексеру туралы қорытындыны қосып беру;
- 4) талдауды жүргізу және көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру және занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта үйымдастыру кезінде

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажет талаптарға сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды дайындау;

5) мемлекеттік қызмет көрсете туралы шешім дайындау;

6) мемлекеттік қызмет көрсете туралы шешімге көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасарының қол қоюы.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет (занды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру жағдайларында лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, Стандарттың 4-тармағында көрсетілген жағдайларда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу) көрсетудегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) кіріс нөмірі және күні койылып тіркелген өтініш;

2) салынған бұрыштама және өтінішті лицензиялау басқармасына беру;

3) ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың қолданылу мерзімін тексеру: өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту немесе өтінішті қарау.

4) мемлекеттік қызмет көрсете туралы шешімді дайындау;

5) мемлекеттік қызмет көрсете туралы шешімге көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе оның орынбасарының қол қоюы.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет (қайтарып алуға арналған өтініш) көрсетудегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) кіріс нөмірі және күні койылып тіркелген өтініш;

2) салынған бұрыштама және өтінішті лицензиялау басқармасына беру;

3) мемлекеттік қызмет көрсете туралы шешімді дайындау;

4) мемлекеттік қызмет көрсете туралы шешімге көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе оның орынбасарының қол қоюы.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік

жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-тарау.** Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдар тәртібінің сипаттамасы

12. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі;
- 2) көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасары;
- 3) лицензиялау басқармасы.

**Ескерту.** 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) бірізділігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкери реттік тіркеу нөмірі мен күнін беріп, келіп түсken құжаттарды тіркеуді 15 (он бес) минут ішінде жүзеге асырады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары бұрыштама қол қояды және өтініш пен құжаттарды лицензиялау басқармасына 1 (бір) сағат ішінде береді;

3) лицензиялау басқармасы ұсынылған құжаттардың толықтырын және қолданылу мерзімін 2 (екі) жұмыс күні ішінде тексереді;

4) лицензиялау басқармасы келіп түсken құжаттарды көрсетілетін қызметті алушының лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру жағдайында және заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында қажет талаптарға сәйкестігіне талдауды 25 (жиырма бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, Стандарттың 4-тармағында көрсетілген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігі тексерілмейді.

Лицензиялау басқармасы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойғанын тексеруді 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады;

5) лицензиялау басқармасы мемлекеттік қызметті көрсету туралы шешімді:

лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру жағдайында, заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында 2 (екі) жұмыс күні ішінде дайындаиды;

қайтарып алуға арналған өтінішті қанағаттандыру жағдайында 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайындаиды;

заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, Стандарттың 4-тармағында көрсетілген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жағдайында 4 (төрт) сағат ішінде дайындаиды;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру немесе жаңғырту жағдайында 2 (екі) жұмыс күні ішінде дайындаиды;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойған кезде лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғырту жағдайында 2 (екі) жұмыс күні ішінде дайындаиды;

6) көрсетілетін қызмет берушінің басшысы немесе оның орынбасары мемлекеттік қызметті көрсету шешіміне 2 (екі) сағат ішінде қол қояды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, осы регламентке 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректермен.**

**4 - тарау. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимылдар тәртібінің, сондай-ак**

мемлекеттік қызмет көрсетеу процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

14. Осы регламентте мемлекеттік қызмет көрсетеу процесінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл қарастырылмаған.

15. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсетеу кезінде көрсетілетін қызмет алушы рәсімдерінің (іс-қимылдарының) бірізділігі және жүргіну тәртібінің сипаттамасы:

көрсетілетін қызметті алушы порталда өзінің тіркеу куәлігінің көмегімен көрсетілетін қызметті алушының компьютерінің интернет-браузерінде сақталатын электрондық цифрлық қолтаңбасын (бұдан әрі – ЭЦК) тіркеуді жүзеге асырады (порталға тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушылар үшін жүзеге асырылады);

1-ші процесс – мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін порталда авторизациялау;

2-ші процесс – көрсетілетін қызметті алушының осы регламентте көрсетілген қызметті тандауы, экранға қызмет көрсетуге арналған сұрау нысанын шығару және көрсетілетін қызметті алушының нысанды, оның құрылымы мен форматтық талаптарды есепке алып толтыруы (деректерді енгізу), сұрану нысанына қажетті құжаттарды электрондық түрде бекіту;

3-ші процесс – электрондық үкіметтің төлем шлюзі арқылы көрсетілетін қызмет ақысын төлеу, сонаң соң бұл ақпарат "Е-лицензиялау" Мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесіне (ЕЛ МДҚ АЖ) келіп түседі:

мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін төлем фактісін ЕЛ МДҚ АЖ-да тексеру;

4-ші процесс – ЕЛ МДҚ АЖ-да қызметті көрсетеу үшін төлемнің болмауына байланысты сұратылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5-ші процесс – сұрауды куәландыру (қол қою) үшін көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбаның тіркеу куәлігін тандауы;

6-шы процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы арқылы қызмет көрсетуге сұраудың толтырылған (енгізілген деректер) нысанын куәландыру (қол қою);

7-ші процесс – ЕЛ МДҚ АЖ-да электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті алушының сұрауын) тіркеу және ЕЛ МДҚ АЖ-да сұрауды өндеу;

8-ші процесс – көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру және (немесе) қайта ресімдеу шарттарына сәйкестігін көрсетілетін қызметті берушінің тексеруі;

9-шы процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЕЛ МДҚ АЖ-да қалыптастырылған мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алуы.

Веб-портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылы осы регламентке 2-қосымшада келтірілген.

"Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет регламентіне  
1-қосымша

"Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процессерінің анықтамалығы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## Күшін жойған

## Күшін жойған

## Күшін жойған

## Күшін жойған


## жойған




- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе ая
- КФБ атауы;
- таңдау нұсқасы;
- келесі ресімге (іс-қимылға) өту.

"Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арналы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне  
2-қосымша

Портал арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың диаграммасы



#### КОРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІ АЛУШЫ



- Түрлі наудиншылғы үсіннелатын электрондық құжат
- Хабарламалар анымы
- Басқарма анымы
- Шарт
- Расім

#### ШАРТЫ БЕЛГІ:

- █ Күтіле
- █ Көрсетілген кабарлама
- █ Бастайдын кабарлама
- Оң жағдай
- Сайланасыз

- |           |   |
|-----------|---|
| ЕЛ МДҚ АЖ | Адлереттік жүйе                               |
| ШЭП-      | «Е-лицензия» Мемлекеттік ақпараттық жүйесі    |
| ГЕД ЮЛ    | Зерттеуденде хамает ш                         |
| ГЕД ФЛ    | «Зандық тұрағы» Мемлекеттік ақпараттық жүйесі |

Энергетика министрінің  
міндептін атқарушысының  
2015 жылғы 28 мамырдағы  
№ 378 бұйрығына  
11-қосымша

**"Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. Қағида 11-қосымшамен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 15.06.2017 № 205 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1. "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 299 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 11222) бекітілген "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны – қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы куәлік, біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні туралы аттестаттау комиссиясының қорытындысы немесе осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 10-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз жүзінде.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық болімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылдарды) бастауға Стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттарды беру негіз болады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) дүйсенбі және жұма аралығында сағат 9-00-ден 18-30 дейін көрсетілетін қызметті алушыдан түскен мемлекеттік қызметті алуға арналған құжаттар топтамасы бар өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі қызметкерімен тіркеу нөмірі мен күні көрсете отырып тіркеледі және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе оның орынбасарына беріледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысына бұрыштама салады. Жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысы жауапты орындаушыны тағайындаиды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 3 (үш) сағат;

3) жауапты орындаушы ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту жауабын береді.

Құжаттардың толық топтамасы ұсынылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға аттестаттау өтетін орны мен күні туралы хат жолданады.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – құжаттар көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні;

4) аттестаттауды тестілеу және әңгімелесу нысанында өткізу (әңгімелесу тек радиациялық қауіпсіздікті бақылауға жауапты персонал үшін). Радиациялық қауіпсіздікті бақылауға жауапты тұлға тестілеуден еткен жағдайда әңгімелесуге жіберіледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – құжаттар көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде тіркелген күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні.

5) көрсетілетін қызметті берушінің аттестаттау комиссиясының отырысы – аттестаттау өтетін күні 1 (бір) сағат ішінде;

6) жауапты орындаушы атом энергиясы пайдаланылатын обьектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы күелікті, немесе біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні

туралы аттестаттау комиссиясының қорытындысын дайындауды және көрсетілетін қызметті алушыға жібереді.

Аталған ресімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – аттестаттау өткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.**

6. Келесі ресімдерді (іс-қимылдарды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша ресімдердің (іс-қимылдардың) нәтижесі:

- 1) тіркелген өтініш және кіріс нөмірі мен күні көрсетілген құжаттар;
- 2) жазылған бұрыштама, көрсетілетін қызметті берушінің тағайындалған жауапты құрылымдық бөлімшесі және жауапты құрылымдық бөлімшениң басшысымен тағайындалған жауапты орындаушы;
- 3) қарастырылған құжаттар топтамасын тексеру: өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту туралы жауап немесе аттестаттау өтетін орны мен күні туралы хат;
- 4) атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналға аттестаттау өткізу;
- 5) тестілеу және әңгімелесу нәтижелері (әңгімелесу тек радиациялық қауіпсіздікті бақылауға жауапты персонал үшін);
- 6) атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы куәлікті, немесе біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні туралы аттестаттау комиссиясының қорытындысын дайындау.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

**3-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызмет көрсетеу процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінің қызметкері;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы;
- 3) көрсетілетін қызметті берушінің жаупты құрылымдық бөлімшесінің басшысы;
- 4) көрсетілетін қызметті берушінің жаупты орындаушысы;
- 5) көрсетілетін қызметті берушінің аттестаттау комиссиясы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкері реттік тіркеу нөмірі мен күнін беріп, келіп түскен құжаттарды тіркеуді 15 (он бес) минут ішінде жүзеге асырады;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары бұрыштама салады, өтінішті және құжаттарды жаупты құрылымдық бөлімшениң басшысына жібереді, жаупты құрылымдық бөлімшениң басшысы жаупты орындаушыны 3 (үш) сағат ішінде тағайындаиды;
- 3) жаупты орындаушы құжаттардың толықтығын құжаттар көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қарастырады және тексереді;
- 4) аттестаттау (тестілеу және әңгімелесу (әңгімелесу тек радиациялық қауіпсіздікті бақылауға жаупты персонал үшін) құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде тіркеген күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде – өткізіледі;
- 5) атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау жөніндегі комиссиясы аттестаттау өтетін күні 1 (бір) сағат ішінде отырыс өткізеді;
- 6) жаупты орындаушы атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы күелікті, немесе біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні туралы аттестаттау комиссиясының қорытындысын аттестаттау өткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде дайындаиды және көрсетілетін қызметті алушыға жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсетеу процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің

(қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, осы регламентке қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.


Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің м.а. 04.10.2018 № 401 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – КР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

"Атом энергиясы  
пайдаланылатын  
объектілерде жұмыс істейтін  
персоналды аттестаттау"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет регламентіне  
қосымша

**"Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтымен.

## Күшін жойған



– начало или завершение оказания государственной услуги



– наименование процедуры (действия) услугополучателя



– вариант выбора;



– переход к следующей процедуре (действию).

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
міндептін атқарушысының  
2015 жылғы 28 мамырдағы  
№ 378 бұйрығына  
12-қосымша

"Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. Регламенттің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. Қағида 12-қосымшамен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 15.06.2017 № 205 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1. "Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 299 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 11222) "Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымды аккредиттеу туралы қуәлік (бұдан әрі – Күәлік), немесе Стандарттың 10-тармағында көрсетілген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

Ескеरту. З-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң колданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсетеу процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттарды беру мемлекеттік қызмет көрсетеу бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетеу процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындау ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі қызметкерінің өтініштер мен құжаттарды тіркеу нөмірі мен күнін беріп қабылдауы мен тіркеуді және тіркелген құжаттарды көрсетілетін қызмет берушінің басшысына беруі – 15 (он бес) минут ішінде;

2) көрсетілетін қызметті беруші басшысының Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасын жауапты құрылымдық бөлімше етіп тағайындауы және өтініштер мен құжаттарды осы басқарма басшысына беруі, және жауапты құрылымдық бөлімше басшысының жауапты орындаушыны тағайындауы – 3 (үш) сағат ішінде;

3) жауапты орындаушының өтінішті қарастыруы және құжаттардың толықтығын тексеруі – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті алушы толық емес құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді одан әрі қараудан дәлелді бас тарту жауабын жібереді.

Құжаттар толық болған жағдайда, құжаттар топтамасын Ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасының басшысына беруі;

4) Ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасы басшысының осы басқарманың жауапты орындаушысын тағайындауы – 30 (отыз) минут ішінде;

5) осы басқарманың жауапты орындаушысының құжаттар топтамасын осы басқарманың құзыретіне сәйкес қарастыруы және қорытындыны дайындауы – 9 (тоғыз) жұмыс күні ішінде;

6) осы басқарма басшысының жауапты орындаушы жасаған қорытындыны бекітуі және құжаттарды қорытындымен бірге Талдау және инспекциялау басқармасының жауапты орындаушысына беруі – 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

7) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысының құжаттар топтамасын осы басқарманың құзыретіне сәйкес қарастыруы және қорытынды дайындауы – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

8) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы басшысының осы басқарманың жауапты орындаушысы жасаған қорытындыны бекітуі және құжаттарды қорытындымен бірге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін дайындау үшін жауапты орындаушыға беруі – 1 (бір) жұмыс күні;

9) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысының мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы шешім дайындауы – 1 (бір) жұмыс күні ішінде:

ұсынылған қорытындылардың біреуінде ұсынылған құжаттардың сәйкес келмеуі туралы қорытынды болған жағдайда, жауапты орындаушының мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуын – хат жобасын дайындауы;

барлық қорытындыларда ұсынылған құжаттардың сәйкестігі туралы қорытынды болған жағдайда, жауапты орындаушының Куәліктің жобасын дайындауы;

10) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы шешімді басқармалар басшыларының (бұрыштама қою арқылы) келісуі, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе оның орынбасарының бекітуі – 4 (төрт) сағат ішінде;

11) мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесіне көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе оның орынбасарының қол қоюы – 1 (бір) жұмыс күні.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Мына рәсімдерді (іс-қимылдарды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) кіріс нөмірі бар тіркелген өтініш;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысының қарапы және құжаттардың Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасына берілуі;
- 3) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасында жауапты орындаушының тағайындалуы;

- 4) өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хат немесе құжаттардың Ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасына берілуі;
- 5) Ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасында жауапты орындаушының тағайындалуы;
- 6) Ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасындағы жауапты орындаушының өтініштерді қарастыру нәтижелері бойынша қорытындысы;
- 7) Ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасының басшысы бекіткен қорытынды;
- 8) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысының өтініштерді қарастыру нәтижелері бойынша қорытындысы;
- 9) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының басшысы бекіткен қорытынды;
- 10) басқармалар басшыларымен келісілген және көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы шешім;
- 11) көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі;
- 12) бас тартудың себептері көрсетілген Куәлік беруден бас тарту туралы хат, ұсынылған қорытындылардың біреуінде ұсынылған құжаттардың сәйкес келмеуі туралы қорытынды болған жағдайда, немесе Куәлікті беру, барлық қорытындыларда ұсынылған құжаттардың сәйкестігі туралы қорытынды болған жағдайда.

**Ескеरту. 6-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдар тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің мынадай құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:
  - 1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкері;
  - 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
  - 3) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының басшысы;
  - 4) Ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасының басшысы;

5) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысы;

6) Ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысы.

Ескерту. 7-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкері өтініштер мен құжаттарды тіркеу нөмірі мен күнін беріп қабылдау мен тіркеуді жүзеге асырады және тіркелген құжаттарды көрсетілетін қызмет берушінің басшысына береді – 15 (он бес) минут ішінде;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы жауапты етіп Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасын тағайындауды және өтініш пен құжаттарды осы басқарма басшысына береді, және жауапты құрылымдық бөлімшениң басшысы жауапты орындаушыны тағайындауды – 3 (үш) сағат ішінде;

3) осы басқарманың жауапты орындаушысы құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті алушы толық емес құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда жауапты орындаушы өтініштерді одан әрі қараудан дәлелді бастарту жауабын жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы толық құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда жауапты орындаушы құжаттар топтамасын Ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасының басшысына береді;

4) Ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасының басшысы осы басқарманың жауапты орындаушысын тағайындауды – 30 (отыз) минут ішінде;

5) осы басқарманың жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын осы басқарманың құзыретіне сәйкес қарастырады және ұсынылған құжаттардың сәйкестігі туралы қорытынды дайындауды жүзеге асырады – 9 (тоғыз) жұмыс күні ішінде;

6) осы басқарманың басшысы басқарманың жауапты орындаушысы жасаған қорытындыны бекітеді және құжаттарды қорытындымен бірге

Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысына береді – 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

7) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын осы басқарманың құзыретіне сәйкес қарастырады және ұсынылған құжаттардың сәйкестігі туралы қорытынды дайындауды жүзеге асырады – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

8) осы басқарманың басшысы басқарманың жауапты орындаушысы жасаған қорытындыны бекітеді – 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

9) осы басқарманың жауапты орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы шешім дайындауды жүзеге асырады – 1 (бір) жұмыс күні ішінде:

ұсынылған қорытындылардың біреуінде ұсынылған құжаттардың сәйкес келмеуі туралы қорытынды болған жағдайда Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту – хат жобасын дайындайды;

барлық қорытындыларда ұсынылған құжаттардың сәйкестігі туралы қорытынды болған жағдайда, Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысы Күәлікті беру туралы шешімді рәсімдейді;

10) басқармалардың басшылары мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы шешімді (бұрыштама қою арқылы) келіседі, көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары бекітеді – 4 (төрт) сағат ішінде;

11) мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесіне көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қол қояды – 1 (бір) жұмыс күні ішінде.


**Ескеरту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң колданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі жүргіну тәртібі мен рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау осы регламентке қосымшаға сәйкес бизнес-процестің анықтамалығында келтірілген. Мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

**"Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын үйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы**

Ескерту. Қосымша жана редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



-  - мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе;
  -  - рәсімнің (іс-қимылдың) атауы;
  -  - тандау нұсқасы;
- - келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
міндептін атқарушысының  
2015 жылғы 28 мамырдағы  
№ 378 бұйрығына  
13-қосымша

"Көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар қүшін қолдану" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескеरту. Қағида 13-қосымшамен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 15.06.2017 № 205 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1. "Көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар қүшін қолдану" мемлекеттік көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 299 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік күқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 11222) "Көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары

бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану туралы көрсетілетін қызметті берушінің бүйрығы, немесе Стандарттың 10-тармағында көрсетілген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

**2-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттарды беру мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындау ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі қызметкерінің өтініштер мен құжаттарды тіркеу нөмірі мен күнін беріп қабылдауы мен тіркеуі және тіркелген құжаттарды көрсетілетін қызмет берушінің басшысына беруі – 15 (он бес) минут ішінде;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысының Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасын жауапты құрылымдық бөлімше етіп тағайындауы және өтініштер мен құжаттарды осы басқарма басшысына беруі, және жауапты құрылымдық бөлімше басшысының жауапты орындаушыны тағайындауы – 3 (үш) сағат ішінде;

Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес толық емес құжаттар топтамасын, және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Құжаттар толық болған жағдайда, құжаттар топтамасын қарастыру және ұсынылған құжаттардың сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды дайындау – 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде;

3) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы басшысының жауапты орындаушы жасаған қорытындыны бекітуі және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы шешімді дайындауы – 1 (бір) жұмыс күні ішінде:

ұсынылған құжаттар сәйкес болған жағдайда шешімге Бұйрық жобасы қосылады, немесе ұсынылған құжаттар сәйкес болмаған жағдайда шешімге мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту – хат жобасы қосылады;

4) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы басшысының, Заң басқармасы басшысының мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы шешімді (бұрыштама қою арқылы) келісуі және көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оның орынбасарының бекітуі – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

5) мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесіне көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе оның орынбасарының қол қоюы – 1 (бір) жұмыс күні ішінде.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Келесі рәсімдерді (іс-қимылдарды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімдерінің (іс-қимылдардың) нәтижелері:

1) кіріс нөмірі бар тіркелген өтініш;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысының бұрыштамасы және құжаттарды Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасына беру;

3) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасында жауапты орындаушыны тағайындау;

4) құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хат, немесе

5) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысының қорытындысы;

6) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының басшысы бекіткен қорытынды;

7) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы, Заң басқармасы басшыларымен келісілген, көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы шешім;

ұсынылған құжаттар сәйкес болған жағдайда, шешімге Бұйрықтың жобасы тіркеледі, немесе ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда шешімге бас тарту себептерін көрсете отырып мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруден бас тарту туралы хаттың жобасы тіркеледі;

8) ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда бас тарту себептерін көрсете отырып Бұйрықты беруден бас тарту туралы хат, немесе

қорытындыда ұсынылған құжаттардың сәйкестігі туралы қорытынды болған жағдайда, Бұйрық жобасы;

9) көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе оның орынбасарымен қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкери;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының басшысы;

4) Заң басқармасының басшысы;

5) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысы.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (жұмыскерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкери өтініштер мен құжаттарды тіркеу нөмірі мен күнін беріп қабылдау мен тіркеуді жүзеге асырады және тіркелген құжаттарды көрсетілетін қызмет берушінің басшысына береді – 15 (он бес) минут ішінде;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы жауапты етіп Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасын тағайындауды және өтініш пен

құжаттарды осы басқарма басшысына береді, және жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы жауапты орындаушыны тағайындауды – 3 (үш) сағат ішінде;

3) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысы құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

4) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын қарастырады және ұсынылған құжаттардың сәйкес келуі немесе келмеуі туралы қорытынды дайындауды жүзеге асырады – 14 (жиырма төрт) жұмыс күні ішінде;

5) Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының басшысы басқарманың жауапты орындаушысы жасаған қорытындыны бекітеді, Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі туралы шешімді дайындауды жүзеге асырады – 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

ұсынылған құжаттар сәйкес келген жағдайда шешімге Бұйрықтың жобасы тіркеледі, немесе

ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда шешімге мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту – хат жобасы тіркеледі;

6) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы шешімді Ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы, Заң басқармасы басшылары (бұрыштама қою арқылы) келіседі, көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары бекітеді – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды – 1 (бір) жұмыс күні.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**


9. Көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі жүгіну тәртібі мен рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау осы регламентке қосымшаға сәйкес бизнес-процестің анықтамалығында келтірілген. Мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

"Көліктік қаптама  
комплектілерінің  
конструкциясын бекіту,

сондай-ақ басқа елдердің  
уәкілетті органдары бекіткен  
Қазақстан Республикасының  
аумағында оларға  
сертификаттар-рұқсаттар күшін  
қолдану" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
регламентіне қосымша

**"Көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің  
уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға  
сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану" мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-  
процестерінің анықтамалығы**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;

- рәсімнің (іс-қимылдың) атауы;

- тандау нұсқасы;

→ - келесі рәсімге (іс-қимылға) өту;

- рәсімдерді (іс-қимылды) орындауға арналған жұмыс күндерінің

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
міндеттін атқарушысының  
2015 жылғы 28 мамырдағы  
№ 378 бұйрығына  
14-косымша

"Сараптама ұйымы ұсынған ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты есептеу әдістемелерін келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. Регламенттің тақырыбы жана редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрық регламентпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 05.04.2018 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Сараптама ұйымы ұсынған ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты есептеу әдістемелерін келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан эрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан

Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 299 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11222 болып тіркелген) бекітілген "Сараптама ұйымы ұсынған ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты есептеу әдістемелерін келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 1-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты есептеу әдістемелерін келісім - хат, немесе Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

**Ескерту. 3-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылды тәртібін сипаттау**

4. Стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттарды беру мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орылудың ұзақтығы және оларды орындаудың бірізділігі, оның ішінде әрбір құрылымдық бөлімшесінде барлық рәсімдерден (іс-қимылдардан) өту кезеңдері:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкері реттік тіркеу нөмірі мен күнін беріп, келіп түсken құжаттарды тіркеуді немесе өтінішті қабылдаудан бас тартуды 4 (төрт) сағат ішінде жүзеге асырады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары бұрыштамаға қол қояды және мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін

келіп түсken құжаттарды ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасына 4 (төрт) сағат ішінде береді;

3) ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасы құзыretі бойынша ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу кезіндегі есеп айырысу әдістемесінің (бұдан әрі – Әдістеме) дұрыстығын 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде қарастырады;

4) ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы құзыretі бойынша Әдістеменің дұрыстығын 19 (он тоғыз) жұмыс күні ішінде қарастырады;

5) ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды;

6) көрсетілетін қызметті беруші басшысы немесе оның орынбасары 4 (төрт) сағат ішінде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қояды;

7) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері 4 (төрт) сағат ішінде көрсетілетін қызметті беруші басшысы немесе оның орынбасары қол қойған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беруді жүзеге асырады.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) кіріс нөмірі және күні бар тіркелген өтініш немесе өтінішті қабылдаудан бас тарту;

2) салынған қарар және өтінішті ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасына беру;

3) ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасына Әдістеменің дұрыстығы немесе дұрыс еместігі туралы қорытындыны беру;

4) дұрыстығы немесе дұрыс еместігі туралы қорытынды;

5) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасы;

6) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары қол қойған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі;

7) берілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылды тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары;
- 3) ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы;
- 4) ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасы.

**Ескеरту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) бірізділігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкері мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді және Стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес ұсынылған құжаттардың толық емес және (немесе) олардың қолданылу мерзімінің өту фактісі орын алған жағдайда, өтінішті қабылдаудан бас тартады. Құжаттардың толық топтамасы ұсынылып, қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған жағдайда, оларды келіп түскен күнімен тіркейді және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына немесе оның орынбасарына қарауға береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 4 (төрт) сағат;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның орынбасары бұрыштамаға қол қояды және мемлекеттік қызметті алу үшін түскен құжаттарды ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасына береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 4 (төрт) сағат;

3) ядролық физикалық қауіпсіздік басқармасы құзыretі бойынша Әдістеменің дұрыстығын қарастырады және Әдістеменің дұрыстығы және дұрыс еместігі туралы қорытындыны ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасына береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 8 (сегіз) жұмыс күні;

4) ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы құзыretі бойынша Әдістеменің дұрыстығын қарастырады және Әдістеменің дұрыстығы немесе дұрыс еместігі туралы қорытынды дайындаиды.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 19 (он тоғыз) жұмыс күні;

5) ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасы Әдістеменің дұрыстығы туралы екі қорытынды болған жағдайда Әдістемеге келісім - хат жобасын, ал Әдістеменің дұрыс еместігі туралы бір немесе екі қорытынды болған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауаптың жобасын дайындаиды. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасы ядролық және радиациялық қауіпсіздік және ядролық физикалық қауіпсіздік басқармаларының басшыларымен келісіледі.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 1 (бір) жұмыс күні;

6) Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасына көрсетілетін қызметті беруші басшысы немесе оның орынбасары қол қояды;

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 4 (төрт) сағат;

7) көрсетілетін қызметті беруші басшысы немесе оның орынбасары қол қойған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкери береді.

Аталған рәсімді жүзеге асыруға арналған ең жоғары шекті уақыт – 4 (төрт) сағат.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң колданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**


9. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі жүгіну және көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы рәсімдерінің (іс-қимылдардың) бірізділігінің тәртібін сипаттау осы регламентке қосымшаға сәйкес бизнес - процестің анықтамалығында келтірілген. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес - процестерінің анықтамалығы көрсетілетін қызметті берушінің интернет - ресурсында орналастырылады.

"Саралтама ұйымы ұсынған  
ядролық, радиациялық және

ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты есептеу әдістемелерін келісу" мемлекеттік қызмет регламентіне қосымша


**"Сараптама ұйымы ұсынған ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты есептеу әдістемелерін келісу" мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процессерінің анықтамалығы**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 21.05.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.





- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе



- рәсімнің (іс-қимылдың) атауы;



- тандау нұсқасы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.